

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 51 (846) 15 желтоқсан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ӘДІЛ СОТ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Биыл еліміздің егемен мемлекет ретінде қалыптасып, тәуелсіздік алғанына 30 жыл. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өттік. Әйтсе де, осы жылдар ішінде тәуелсіз мемлекет ретінде тындырған істеріміз де аз емес. Тәуелсіздіктің арқасында ұлт ретінде сақталып, мемлекет ретінде алты құрлыққа, әлемге танылды. Дүниедегі күллі елдермен байланыс орнатып, тереземіз барша мемлекетпен теңесті. Мемлекетіміздің тұғыры нығайып, әлеуметтік-экономикалық әлеуетіміз артты. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде еліміздегі барлық сала заман талабына сай үздіксіз жаңғыртылды. Соның бірі – сот жүйесі. Сот жүйесінде Қылмыстық-процессуалдық, Азаматтық процесстік, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс, Еңбек кодексі және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін заң актілері, кодекстер қабылданды. Дау-жанжалды сотқа дейін жеткізбей шешу, дауласқан жандарды бітімгершілік жолмен ымыраға келтіру мақсатында «Медиация» институты құрылды.

Қазіргі таңда аудан тұрғындары арасында болып жатқан жер, қарыз ақша өндіру, балағат сөз сөйлеу, келтірілген материалдық шығынды және моральдық залал өндіру, т.б. азаматтық даулар немесе онша ауыр емес, орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша қақтығыстарды сотқа дейін медиаторлардың көмегімен шешуге болады. Медиаторлардың ең бірінші мақсаты дауласып жатқан жақтарды бітімгершілікке келтіріп, татуластыру. Медиация, сотқа дейін татуласу – дауекестіктің деңгейін төмендетеді, арыздасқан азаматтарды сотқа дейін бітімге келтіру олардың негізгі мұраты әрі жұмысы.

Медиаторлар өздері жеке, не болмаса аудандық сотта азаматтарды қабылдап, дауларды сотқа дейін және сотта қысқартуға мүмкіншіліктері бар.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 150 бабының 1 бөлігіне сай, татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қою арызын қабылдау талап қою арызы түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Татуласу рәсімдерін жүргізу нәтижелері туралы сот ұйғарымында талап қою арызын қабылдау не оны қабылдаудан бас тарту туралы көрсетіледі.

Татуласу рәсімдерін, талап қою арызын қабылдаған кезде судья осы Кодекстің 17-тарауында көзделген қағидалар бойынша жүргізеді.

Яғни сот (судья) тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдайды, оларға дауды процесстің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі.

Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін.

Атап айтатын болсақ Тайынша аудандық сотымен 2021 жылы бітімгершілікпен барлығы - 35 азаматтық іс қысқартылған, оның ішінде:

- татуласу келісімімен - 17 іс; - сот медиация тәртібімен - 16 іс;
- талап қою арызы, татуластыру рәсімдері бойынша – 9 іс.

Мемлекеттің іргетасы тұрақтылықтан басталады, тұрақтылық ол бейбітшілік, бейбітшілік ол бітімгершілікке келу.

Азаматтардың сотқа дейін бітімгершілікке келуіне аудандық сот одан әрі терең жұмыс жасап, жалғастыруға мүдделі. Иә, тәуелсіздікпен бірге дамыған тәуелсіз сот саласының жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері аз емес. Ең бастысы, сот саласының қызметкерлері халықтың сотқа деген сенімін арттырып, заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыруда. Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етті. Тәуелсіздігіміздің мерейі үстем болсын!

Асхар ПАРМАНОВ,

Тайынша аудандық сотының төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫНА 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толды. Егемендікпен қатар, отандық прокуратура органдарының да биыл мерейтойы екенін көбі біле бермейді. Елдің басты қадағалаушы, Қазақстан прокуратурасы 1991 жылдың 6 желтоқсанында құрылды. Осы күннен бастап Кеңес Үкіметінің құрсауынан босап, дербес мәртебеге ие болды.

1995 жылы жұмыс принциптері мен бағыттары Ата Заң – Конституцияда бекітілді. Осылайша прокуратура басқа мемлекеттік органдардан тәуелсіз деп танылып, тікелей Мемлекет басшысына бағынышты болды. Осыдан бастап Қазақстан прокуратурасының дамуы даңғыл жолға шықты. Осы органның басты міндеті не? Басты функция – азаматтардың құқықтары мен ел аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалау. Бұл міндеттер қоғамның барлық салаларын қамтиды: еңбек, тұрғын үй және басқа да әлеуметтік құқықтар. Одан қалды денсаулық сақтау, жер, отбасы және тұрмыстық қатынастар, мемлекеттің бизнеске заңсыз араласуын болдырмау да бұл тізімге кіреді. 30 жыл аралықта еліміздің басқару жүйесі, оның ішінде, прокуратура да бірнеше саяси реформадан өтті. Біріншіден, 2021 жылдың басында ендірілген жаңа үш буынды модель. Осы жаңа форматтың арқасында азаматтардың күдікті ретінде қылмыстық процеске заңсыз тартылуы тыйылды, ал кінәлілердің жазадан құтылып кетпеуі қамтамасыз етіліп отыр. Екінші жетістік – цифрландыру. Қадағалау органдарының жұмысы тиімді әрі ашық болуы тиіс. Бұл міндетті отандық прокуратура абыроймен орындап келеді. Үшінші маңызды жетістік – маңызы аз бағыттардан бас тартуы. Мәселен, бұған дейін прокурорлар барлық азаматтық істер бойынша соттарға қатысуы міндетті болды. Бертін келе бұл функциялар біршама қысқаруда. Неге? Өйткені, егемендікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстанда адвокаттар мен кәсіби өкілдердің рөлі күшейе түсті, дауларды шешудің соттан тыс тетіктері енгізілді – бітімгершілік келісім жасасу, медиация және тағы басқалары. Қазір прокурорлар азаматтық сотқа тек маңызды істер бойынша осы органның міндеттері: Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады. Тәуелсіз Қазақстанның прокуратурасы 30 жыл ішінде Кеңес прокуратурасының қызмет ету кезеңі оның қалыптасуы мен дамуына өзіндік із қалдырды. Қазақстан мемлекеттілігінің дамуымен прокуратураның мемлекеттік органдар жүйесіндегі орны мен рөлі өзгергені белгілі. Тәуелсіз мемлекет прокуратурасының қалыптасу кезеңінде жақсы жаққа түбегейлі өзгерістер болды. Бүгінгі таңда прокуратураның құқық қорғау рөлі басым сипатқа ие, оның қызметінің негізгі қағидаты ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады.

Жыл басында үш буынды жүйе туралы айтылды. Үш буынды модель барлық дамыған елдерде қолданылады. Бұл модельде үш Байланыс қылмыстық процеске жауап береді: полиция, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер нақты анықталған. Қылмыстық процесстің үш буынды моделін енгізу проблемаларын болдырмау мақсатында оны қабылдау алдында бүкіл ел бойынша іске асырылған пилоттық жоба өткізілді. Жоба аясында прокурордың негізгі іс жүргізу шешімдерін енгізу және келісу жүйесі сыналды. Үш буынды модельге көшу сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәсілдері мен прокурорлардың да, тергеушілердің де ұйымдастырушылық тұрғыдан дағдыларын өзгертуді талап етеді. Енді прокурорлар қылмыстық істер бойынша негізгі іс жүргізу

шешімдерін келіседі және бекітеді. Бұл қылмыстық процесстің толыққанды үш буынды моделіне көшу кезеңі. Үш буынды модель-бұл әртүрлі органдардың 3 негізгі тапсырманы орындауы:

– қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, қатысы бар адамдарды анықтау, дәлелдемелерді жинау және бекіту-сотқа дейінгі тергеу органдарымен;

– жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беру, негізгі іс жүргізу шешімдерін қабылдау, сотта айып тағу және қолдау-прокуратурамен;

– жаза тағайындау, тергеу әрекеттерін санкциялау және сотқа дейінгі тергеу органдары мен прокуратураның әрекеттері мен шешімдеріне шағымдарды қарау – сотпен.

Мұндай шектеу негізсіз заңсыз шешімдерден қорғайтын құқық қорғау кедергілерін тудырады. Үш буынды жүйенің әр кезеңі іс сотқа кірмес бұрын өтуі керек сүзгі ретінде қызмет етеді.

Бұрын прокуратура барлық азаматтық процесстерге қатысуы керек еді, ал бүгінде бұл жүйе өзгерді. Осыған байланысты прокуратура органдары мемлекеттің мүдделері қозғалатын жағдайларда тек азаматтық істерге қатысады.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде аудан прокуратурасымен тексерулер мен талдаулардың нәтижелері бойынша прокурорлық қадағалаудың 6 актісі енгізілді. Қадағалау актілерінің нәтижелері бойынша 3 067 азаматтық құқықтары қорғалды. Мемлекет кірісіне 11 504 000 теңге өндірілді.

Сонымен қатар, аудан прокуратурасымен алименттік төлемдерді қасақана төлемейшілер бойынша жұмыс жүргізілуде, 4 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, сондай-ақ прокурорлық ықпал ету шараларымен 5 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ, аудан прокуратурасы мемлекеттік айыптауды қолдайтын қылмыстық және әкімшілік істер бойынша сот процесстеріне қатысады. Осы жылы Мүгедектердің құқықтары қорғалды.

Ағымдағы жылы аудан прокуратурасымен «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған Чкалов арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Надежда» Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша 178 мүгедек пен халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары қорғалды. Тәртіптік жауапкершілікке 7 тұлға, сондай-ақ әкімшілік жауапкершілікке 2 тұлға тартылды. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс беруші қызметкерлер алдында материалдық жауапты болады. Жұмыс берушінің қызметкерлер алдындағы жауапкершілігі-қызметкерді жұмыс орнында жұмыс істеу мүмкіндігінен заңсыз айыру, қызметкердің мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян. Міне, бұл саланың атқаратын қызметінің бір ғана көрінісі деуге болады.

6 желтоқсан – Қазақстан прокуратурасының 30 жылдық мерейтойы ғана емес, осы салада қызмет атқаратын мамандардың кәсіби мерекесі. Тәуелсіз елімізде Ел мүддесі үшін атқарып жатқан ерен еңбек баршаның игілігіне айналары анық. Заң қашанда әділдікті жақтайды. Тәуелсіз еліміз мәңгілік Ел болуы үшін әр азамат өз құқығын білуі және Конституцияда бекітілген Ата Заңды қастерлей білуі керек деген ойдамын. Мереке құтты болсын! Тәуелсіздіктің тұғыры мықты болсын!

Ғалымжан АУБАКИРОВ,

аудан прокуроры әділет кеңесшісі.

* * * * *

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ЖЫРЫН ЖЫРЛАП, БҰҒАНАСЫН ҚАТАЙТТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындал келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бейжай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» - деп көрсетілген болатын. Мемлекеттік тіл Тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл» деген Ахмет Байтұрсынұовтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ- берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық

қазынасы, ұлттың жаны. «Тіл туралы» заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылу бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғанының арқасы. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою. Сол себепті басты жауапкершілік тіл мамандарына жүктеліп отыр.

Ата Заңының баптарында, сонымен қатар, «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы» заңда айтылған басты мәселе – қазақ тілін дамыту. Ендеше, әрбір қазақстандықтың мемлекеттік тілдің дамуына өзіндік үлесін қосуы – парыз. Қазіргі таңдағы қазақ тілінің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

Д.К. МЕНЖАНОВА,

Тайынша ауданының № 3 аудандық сотының бас маманы.

ТАЙЫНШАЛЫҚТАР «СЕВЕР-2021» ҚЫСҚЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ



Облыстық «Север-2021» қысқы спорт ойындары өз мәресіне жетті. Аудан орталығы Тайынша қаласында облыстың 13 ауданының спортшылары бас қосты. Шараның жабылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ғани Сақтағанұлы Нығметов қатысып, жарысқа қатысушы спортшыларды мерекемен құттықтады. «Север-2021» қысқы спорт мейрамы салауатты өмір салтын қалыптастырып, дене шынықтыру мен спорттың насихатталуына бағытталған. Өткізіліп отырған мереке облысымызда спорттың кеңінен қанат жайып, дамып келе жатқандығының, салауатты өмір салтын жақтаушылардың қатары көбейіп келе жатқандығының дәлелі», — дей келе, облыс әкімінің орынбасары Ғани Сақтағанұлы Нығметов



спортшыларға сайыс барысында көрсеткен белсенділіктері үшін алғыс білдірді.

Сонымен желтоқсанның 9-13 аралығында барлық ауданның үздік спортшылары «облыс чемпиондары» атағы үшін бақ сынасты. Шайбалы хоккейден 3-орынды Ғ. Мүсірепов ауданы, 2-орынды Қызылжар ауданы, 1-орынды Аққайың ауданы иеленді. Шорт-трек бойынша 3-орында Шал ақын ауданы, 2-орында Аққайың ауданы тұрақтап, 1-орынды Ғ. Мүсірепов ауданы иеленді. Шаңғы жарысынан 3-орынды Есіл ауданы, 2-орынды - Тайынша, ал 1-орынды Тимирязев ауданы жеңіп алды. Футзал бойынша ойын нәтижелері келесідей болды: 3-орын Уәлиханов ауданы, 2-орын Тайынша ауданы, 1-орын Есіл ауданы. Рингбенди бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер: 3-орын Ғ. Мүсірепов ауданы, 2-орын Есіл ауданы, 1-орын Тайынша ауданы. Президенттік қысқы көпсайыс бойынша 3-орынды Шал ақын ауданы, 2-орынды тайыншалықтар, ал бірінші орынды Тимирязев ауданы иеленді.

Спортшыларымыз шорт-тректен үздіктер қатарынан байқалмаса да, футзалдан екінші орынды, шаңғы жарысынан екінші орынды және жалпы есепте бірінші орынды жеңіп алды. Жарыс қорытындысы бойынша, Аққайың ауданы екінші орынды иеленіп, Ғ. Мүсірепов ауданы үшінші орында тұрақтады.

Жалпыкомандалық есепте нәтижелер төмендегідей:

13-орын Жамбыл ауданы (41 ұпай)
12-орын Айыртау ауданы (53,5 ұпай)
11-орын Мамлют ауданы (68,5 ұпай)
10-орын Ақжар ауданы (68,5 ұпай)
9-орын Уәлихан ауданы (71,5 ұпай)
8-орын Шал ақын ауданы (74,5 ұпай)
7-орын Қызылжар ауданы (78 ұпай)
6-орын Мағжан Жұмабаев ауданы (79,5 ұпай)

5-орын Тимирязев ауданы (81,5 ұпай)

4-орын Есіл ауданы (95 ұпай)

Үздік үштікті тұйықтаған Ғ.Мүсірепов ауданының командасы диплом, кубок және 100 000 теңге сомасындағы сертификатқа ие болды. Күміс жүлде мен 200 мың теңгені Аққайың ауданы еншіледі. Ал сайыстың жеңімпазы – тайыншалық спортшыларға диплом, кубок және 300 мың теңге ақшалай сыйақы табысталды.

Спартакиаданың салтанатты жабылу рәсімінде қысқы спорт ойындарының жалауы М.Жұмабаев ауданына беріліп, «Север-2022» ойындары аталған ауданда өтетін болады.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»



ҰСТАЗДЫҚ ӨНЕР - ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ҚАСИЕТ

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, болашақтың басшысын да, данасын да, ақылгөй ғалымды, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз»,- деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай қанша ғасыр өтсе де адамзат баласы ардақ тұтар ұстаз – мәңгілік қастерлі ұғым, барлық мамандық атаулының басы және шыңы.



Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртің аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Менің ойымша, кез келген мұғалім ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер - тағылымы терең қасиет. Ал, өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз - Янина Станиславовна Дермановская ұстаз болуды балалық шағынан армандайды. Қиындығымен қызығы бірге жүретін осынау мамандықтың шынайы иесі болу үшін көп қиындықтардан да өтеді. Кез келген ұстаздың өмір белесін тізіп жазсақ, бір газет беті емес, естелік кітап жазуға болады десек артық емес..... Әлі күнге дейін өзі еңбек еткен Теңдік ауылын, қалың қазақ елін бүгінгі біздің кейіпкеріміз, қарапайым поляк қызы ерекше сезіммен еске алады. Жолдасы Володя Соколовский екеуі 1974

жылдан 1995 жылға дейін Теңдік ауылында тұрып, бақытты отбасы болды, балалары да осы жерде өсіп жеткенін, ерінбей еңбек етіп, тіпті қазақтың салт дәстүрін де сақтап ауыл адамдарымен өте тығыз достық байланыста болғанын, соғым сойып, бір-біріне қонаққа барғанын ерекше бір сезіммен айтқанын естігенде, шынымен де таң қаласың. Елдегі үлкендер де бұл отбасын қатты сыйлапты. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау»,- деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасаң, еңбегің еш кетпейді деп түсінемін. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін үнемі ізденіп, білімін, біліктілігін арттырып отыру керек,- деген қағиданы ұстанған ұлағатты ұстаздың шәкірттері де үнемі хабарласып тұрады. Қиындықтан қашпай, ауылға барып ұстаздық жолын ауылдан бастаған жас мамандарға қарт ұстаздың айтары бар:

- Қиындықтан қашпаңдар, еңбектерің жансын, ешқашан уақытпен санаспай еңбек етіңіздер, түбінде сіздерден жақсы маман шығады. Себебі сіздердің

алдарыңызда өміріміздің аса бағалы иелері, болашағымыз, еліміздің ертеңі, жас өркендеріміз отыр дегім келеді. Жаңа заманға сай жігерлі де намысты ұлдарымызды, инабатты да ибалы қыздарымызды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, келешекте олардың өмір белесінде жақсы отанасы мен отағасы болу қажеттігін де айтып отырыңдар,- дейді. Ұстаздың ұл-қызы жетті, әрқайсысының кәсібі, отбасы бар. Бүгінгі таңда Нина (Янина) Станиславовна жолдасының жанында жоғына көңілі бір сәт құлазып қатты қиналса да, жанын жадыратып, қасынан табылатын немерелері бар. Солардың амандығын, елінің тыныштығын тілеп отырған, ардақты ана, ұлағатты ұстазға біздің де айтарымыз, сіз жоғары марапаттарға лайық жансыз! Осы 44 жыл еңбек өтіліңізбен сізден, білім алған шәкірттеріңіз үшін сіз өмірлік ұстаз болып қаласыз. Ұстазы мықтының - ұстамы мықты дегендей, сіздің шәкірттеріңіз де биік белестерді бағындырсын. Сіздің мақтанышыңыз болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

АБАЙПАҢЫЗ, ПИРОТЕХНИКА!

Жақында ғана жаңа жылдық ойын-сауықтардың арсеналында тек Бенгал шамдары және түрлі-түсті конфетти бар дәстүрлі крекерлер болды. Олардың орнына қазір өрттер мен ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін зиянсыз пиротехникалық бұйымдар (петардалар, отшашулар, ракетницалар) келді. Сондықтан, жаңа жыл қарсаңында осындай бұйымдарды сатып ала отырып, өзіңді және жақындарыңды қайғылы салдардан қорғауға көмектесетін «Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының 006/2011 техникалық регламентінде белгіленген қағидаларды есте сақтау және сақтау қажет. Қазақстан Республикасының аумағында олар қолданылып жасалған пиротехникалық бұйымдарды сатуды тиісті рұқсаты бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыра алады. Пиротехника балаларға арналған ойыншық емес екенін ұмытпаңыз. Көптеген саудагерлер сатып алушының жасына қарамастан өрт сөндіргіштерді, отшашуларды және басқа да жарылғыш заттарды еш қиындықсыз жібереді, ал сатуға он сегіз

жасқа толған адамдарға рұқсат етіледі.

Сатып алудан бұрын сатушыдан сатып алынған тауарға сәйкестікті растайтын құжатты (сертификат, сәйкестік туралы декларация) көрсетуді сұрау керек. Егер мұндай құжат болса, онда өнім жоғары сапалы және қолдануға қауіпсіз (Егер сіз нұсқауларға сәйкес қатаң әрекет етсеңіз). ҚР АҚБТК - нің 415 - бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзу», сәйкестікті растау туралы құжатсыз өнімді өткізгені үшін жеке тұлғаларға - 90 АЕК мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 195 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 310 АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 600 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген.

Юлия Мусина,

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитеті СҚО бойынша департаментінің жетекші маманы.

ТЕМІРЖОЛ – ТІРЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Жол, оның ішінде теміржол – шын мәнінде өмірдің өзегі, тірліктің қайнар көзі десек, сол жолдарда жүрген азаматтардың адал еңбегі одан да зор. Теміржол бойындағы қызу еңбек, шынымен де Заң талаптарына сәйкес қатал жауапкершілікті талап етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында, алтын заңның аясында, асқан қатал жауапкершілік пен қырағылықты талап ететін мамандықтың бірі, бірі емес бірегейі – теміржолшы мамандығы туралы айтуды жоспарладық. Соншалықты сақтықты талап ететін бұл еңбек майданында шынымен де жауапкершілігі мол, батыл да батыр адамдар еңбек атқарады.



Жалындаған жастық шақтың балдәуренін өткізіп, алаңсыз білім аламын деп келген екі жас үшін М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік коммуникациялар Академиясы Бөлекбаев Марат Тұрсынбайұлы мен Отарбаева Ғазиза Сағындыққызын тағдырдың тоғыстырған құтты мекені болды. Олар бүгінгі таңда соңғы алған білімдеріне сай Көкшетау сигнализация және байланыс дистанциясына қарасты Тайынша стансасында еңбек атқаруда. Бұл жұмыстың негізгі міндеттері – теміржолдың кедергісіз, тоқтаусыз жүруін қамтамасыз ету, стансадағы жұмыс қауіпсіздігін сақтау, қадағалау, поезддың үздіксіз қозғалысын бақылау. Бірімен бірі өте тығыз байланыста болатын жұмыс басында ерлі – зайыпты адамдардың бірге жұмыс атқаруы да асқан жауапкершілік деп айтуға болады. Екеуінің жұмыстағы атқаратын міндеттері екі басқа болғанымен, жұмыстың мақсаты бір деуге болады. Ол мақсат – «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теміржолдағы жалпы ережелерді сақтау.

Міне, оқыған білімдерін Заң ережелеріңмен сәйкестендіре байланыстырып, кедергісіз жұмыс тәжірибесін жинақтап, теміржол көлігі заңнамасы талаптарына сәйкес еңбек атқарып жүрген біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз - бақытты отбасы. Отбасында Бағжан, Мағжан, Балжан, Сағыд атты 4 бүлдіршін өсіп келеді. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды»,- дегендей отбасында аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі бар. Зейнет жасына жеткен жайы болса да, үйдің береке – бірлігін сақтап отырған ана, ақылшы әже шаңырақтың түп қазығы. Кезінде жолдасы Тұрсынбай да осы жаққа қоныс аударып келген күннен бірден еңбекке араласты, бірақ өкінішке орай мезгілсіз өмірден өтіп кеткен екен. Ғазиза Сағындыққызы жұмыста маман қызметкер, ал үйде тәрбиелі келін болып, ал Марат Тұрсынбайұлы болса отбасына, бала тәрбиесіне, анасына қамқорлық көрсетуге уақыт табады, өйткені отбасы – алтын қазына, негізгі байлық екенін ол жақсы түсінетін азамат екенін бірден байқадық. Тәуелсіз елімізде осындай жас отбасылары көп болып, еліміз көркейе берсін.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 402. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.